

Келісілді:   
Әдіскер:

Бекітемін:   
ЖШС «Нұржигит» «Бал» жеке балабақшасының  
директоры **А.А. Азмухамбетова**  
№1 Педагогикалық кеңес  
«29» тамыз 2024 жыл

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024-2025 оқу жылына «Балапан» ортаңғы тобына арналған  
музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Саз жетекшісі: Г.М Бердигалиева

## Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы» 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394-бұйрығы негізінде жоспарланып құрылды.

Күтілетін нәтижелер: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды; музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды; сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады; қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды. Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

| Айы             | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-----------------|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Қыркүйек</b> | <b>Музыка</b>             | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады</p> <p><b>Ән айту:</b> Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> таныс әндерді, пьесаларды біледі; музыканың сипатын сезінеді: ән, марш</p>                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Қазан</b>    | <b>Музыка</b>             | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады;</p> <p><b>Ән айту:</b> Ересектермен бірге ән салу; Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау; сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың дыбысталуын ажыратады; билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды.</p> |

|           |        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|-----------|--------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қараша    | Музыка | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды; музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді.</p>        |
| Желтоқсан | Музыка | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p><b>Ән айту:</b> Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.</p> |
| Қаңтар    | Музыка | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p><b>Ән айту:</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды.</p>                                                                                     |

|        |        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|--------|--------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ақпан  | Музыка | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Наурыз | Музыка | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p><b>Ән айту:</b> Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі.</p>                                                                                                                                    |
| Сәуір  | Музыка | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды. музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді.</p> |

|       |        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------|--------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мамыр | Музыка | <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.</p> <p><b>Ән айту:</b> Ересектермен бірге ән салу; Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды.</p> |
|-------|--------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы 2022ж 14 қазан №422 бұйрығы.
3. Алақай «Көркем сөз әлемі» 1-кітап «Аруна», 2000
4. Алақай (хрестоматия) «Аруна», 2000
5. «Зерек ботақан» 2015,2014
- 6.Музыка әліппе-дәптер. «Алматыкітап», 2003
7. Музыка әліппе-дәптер. «Алматыкітап», 2012
8. «Би ұжымын құру және би ұжымымен жұмыс» әдістемесі
9. Иноземцева Г.В. народный танец. -1971.
10. Ткаченко Г. Народный танцы. М-1975